

Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бабамызбен, ертеңгі шабамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...

4

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



АЛМАТЫ: КРЕАТИВТІ
ЭКОНОМИКАНЫ
ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 4 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
956 779

II компонентпен
877 749

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

05.10.2021

Түнде:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

06.10.2021

Түнде:



0+2 °C
Бұлтты, жауын-шашынсыз.
(жаңбыр, қар) кей уақытта қатты

Күндіз:



+4+6 °C
Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №120 (6096) 5 қазан, сейсенбі, 2021 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛІМІЗ ҮШІН ҚАЗЖЕТТІ ӨНДІРІС

Мемлекет басшысы QazVac вакцинасын шығаратын зауыт жұмысымен танысты



Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаев Жамбыл облысына жұмыс сапарымен барды. Президент Қордай ауданындағы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтына қарасты QazVac вакцинасын шығаратын биофармацевтика зауытының қызметімен танысты.

Президентке вакцина өндірісінің технологиялық желісі, зертханалық жабдықтар мен мобильді реакторлар көрсетілді.

2

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

Жайлы орта қалыптасады

Алматыда көз қуантар жаңалық көп



«Бюджетке қатысу» жобасы – Алматыда үрдіс алып, жүзеге асып келе жатқан маңызды жобалардың бірі. Мақсаты – тұрғындардың бастамасы мен ұсыныстары бойынша аудандарды абаттандыру. Дамытуға бағытталған жоба аясында бүгінде Алматыда көз қуантар жаңалықтар көп.

6



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚА...

- 2023 жылдан бастап жұмыс берушілер әр қызметкерге өз есебінен 5% зейнетақы жарнасын аударады.
- Биыл елімізде индустрияландыру картасының аясында 1,23 трлн. теңгенің 128 жобасы қолға алынып, 12 мың жұмыс орны ашылады.
- Қазақстандық каратешілер Мәскеуде өткен премьер-лига бәсекесінде төрт медаль жеңіп алды.
- «Әлем мұғалімі» байқауына алматылық ұстаз қатысады.
- Синоптиктер 5–7 қазан аралығында мегаполисте қар жауады деп болжауда.
- Мегаполисте бір тәулікте 1,9 мың адам вакцина алды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛІМІЗ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ӨНДІРІС

Мемлекет басшысы QazVac вакцинасын шығаратын зауыт жұмысымен танысты



(Соңы. Басы 1-бетте).

Институттың бас директоры Күнсұлу Закария Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтын одан әрі дамыту жоспары туралы баяндады.

Зауыт өндірістік тәжірибе бойынша халықаралық стандарттарға (GMP) сай келетін иммунобиологиялық

дәрі-дәрмектер, оның ішінде коронавирус індетіне қарсы вакцина, тұмауға, туберкулезге, бруцеллезге, нодулярлы дерматитке және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы вакцина шығаратын болады.

Жылына биофармацевтика препараттарының 30-дан 60 миллионға дейін дозасын әзірлеу жоспарланып

отыр. Жобаның жалпы құны – 15,6 миллиард теңге.

Президентке 16 қыркүйек күні 100 мың доза көлемінде вакцина құю өндірісі іске қосылғаны туралы мәлімет берілді.

ТМД елдері арасында Қазақстан мен Ресей ғана COVID-19 індетіне қарсы вакцина өндірісін жолға қойған.

Мемлекет басшысы зауыт қызметкерлерімен әңгімелесу барысында жобаның маңыздылығын атап өтіп, отандық вакцинаның коронавирус індетіне қарсы күреске және халықтың денсаулығын күшейтуге зор үлес қосатынына сенім білдірді.

– Баршаңызды құттықтаймын! Шын мәнінде, бұл үлкен жетістік. Еліміз үшін қажетті өндіріс. Негізгі жұмыс орындалды. Бәрі дұрыс. Келесі жылы осы жұмысты жалғастырамыз. Бұл вакцинаны Біріккен Араб Әмірліктеріне және басқа да мұсылман елдеріне жібереміз. Вакцинамыз дүние жүзінде мойындалып жатыр. Сондықтан баршаңызды құттықтаймын! Ризашылығымды білдіремін. Бұл – өте күрделі процесс, өндіріс. Шын мәнінде, дүние жүзінде, шет елде мұндай өндіріс жасау үшін үш-төрт жыл кетеді. Біз тоғыз айдың ішінде жұмысты орындадық. Сондықтан еңбектеріңіз мемлекет тарапынан жоғары бағаланады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

Серіктестік жұмысы жалғасады

Динара
МҰРАТ

«Almaty Akshamy» газетінің алдыңғы нөмірінде Алматы индустриялық аймағына барып, түрік инвесторлары мен Қазақстан арасындағы серіктестіктің нәтижесі – екі зауыттың алғашқы кірпішінің қалануына куә болғанымызды жазған болатынбыз. Одан бөлек, делегация мүшелері оңтүстік астанада өзге де жобаларды пысықтады.

Түрік инвесторлары Алматыда металды мырыштау зауытын салуды жоспарлап отыр. Делегация құрамында Сивас провинциясының губернаторы Айхан Салих мырза, Сивас провинциясының мэрі Билгин Хильми мырза, Джумхуриета университетінің ректоры Сивас Илдиз Алим, Сивас ғылыми-техникалық университетінің ректоры Құл Мехмет, Сивас индустриялық аймағының Директорлар кеңесінің мүшелері Алгин Кадир мен Экен Мұстафа, Сивас провинциясы Бас Ассамблеясының Төрағасы Аққас Хакан болды.

Қонақтар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының қызметімен танысып, резиденттердің кәсіп-

орындарын аралады. Келіссөздер барысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастық мүмкіндігін қарастыру нәтижесінде Nikel Paslanmaz компаниясының серіктестері индустриялық аймақ аумағында металды мырыштау және гальванизациялау бойынша зауыт құрылысына қаражат инвестициялауға дайын екендіктерін білдірді.

Қазіргі уақытта «Nikel metal» ЖШС халықаралық компания филиалы Алматы қаласының Әуезов ауданында жұмыс істейді. Қазақстан филиалы алюминий, сәндік және мырышталған табактарды, тот баспайтын болаттан жасалған құбырлар мен бұрыштарды, кейінгі дәнекерлеу жұмыстарын оңдеуге арналған пасталарды және т.б. жабдықтарды сатумен айналысады.

Жаңа жобалар
қолға алынбақ

«Индустриялық аймақ – Алматы» 2015 жылы жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету, Алматыда өнеркәсіптің басым салаларын дамыту үшін құрылған болатын. Оның аумағы жыл сайын ұлғайып, биыл екі жаңа өнеркәсіп паркі іске қосылады.

«Егер бұрын бизнес-қоғамдастықта шағын өнеркәсіптік парктердің дамуына күмәнмен қарайтын болса, қазір пандемияға қарамастан осындай парктердің құрылысына үлкен сұраныс байқалады. Біз Алматы қаласының ӘКК аясында «Almaty Business–2025» бағдарламасы бойынша инвесторлар үшін шағын өнеркәсіптік парктер салуға 6%-бен жеке несие желісін бөлдік, қаржылай шектеуді 300-ден 500 млн. теңгеге дейін ұлғайттық, себебі, бұл бағдарламаның бүгінгі таңда зор әлеуеті бар екеніне сенімдіміз. Қазір осындай 5 саябақ салынып жатыр, жақын арада олардың үшеуі іске қосылады деп күтілуде.

Одан бөлек, алдағы жылдары 4 өндірістік парк пен полиэтилен зауыты ашылады. Бұл кәсіпорындарға әлеуетті инвесторлар 2,5 млрд. теңге құюға дайын. Нәтижесінде, жаңа жұмыс орындары ашылып, өнімнің түрі көбейеді.

Мұнда жалға алу құны нарықтық бағадан әлдеқайда төмен. Мысалы, өндірістік ғимаратты жалдаудың құны айына орташа алғанда шаршы метріне 2 мың теңге болса, мұнда – 1200 теңге. Одан бөлек, резиденттерге арзан несие алуға мүмкіндік бар.

«Алматы» индустриалдық аймағы ЖШС-нің директоры Әділ Әмір-алинның айтуынша, бұл кәсіпкерлерге ертеңгі күнге сенімділік береді. Себебі, баға 7 жылға бекітілген, жалға алу құны өзгермейді. Яғни олардың өндірген өнімдерінің өзіндік құнына жалға алу бағасы еш әсер етпейді. Сондай-ақ, «Алматы финансы» және «Алматы» микроқаржылық ұйымдар арқылы арзан несие беріледі. Қарыздың мөлшерлемесі резиденттерге – 2%, паркті салатын құрылыс компанияларына – 6%.

Бүгінде Алматыда 11 өндірістік парк бар. Оның 5-еуі шаһардың ішінде болса, қалғаны қаланың сыртындағы индустриалды аймақта орналасқан. Өндірістік парктерде сусын, құрылыс материалдары, қағаз бұйымдары, дезинфекциялық құралдар, арнайы киімдер, тұрмыстық химия, кеңсе тауарлары, бетперде және тамақ шығаратын компаниялар сәтті жұмыс істеп тұр.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
74
медициналық
ұйым міндетті
мемлекеттік
көмек аясында
қызмет көрсетеді.



«Белсенді ұзақ
өмір сүру»
орталығына
25 000-нан
астам
зейнеткер
барады.



Мегаполисте
12 бірлескен
және
40 жапондық
кәсіпорын
тіркелген.



Алматыда
бірінші тоқсанда
8800-ден
астам
азамат
жұмыспен
қамтылды.



Шаһарда жыл
басынан бері
380 жәрмеңке
өткізіліп,
5000
тоннаға жуық
өнім сатылды.



«Бюджетке
қатысу»
жобасына
қала
тұрғындарынан
580
ұсыныс түскен.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Су беру тоқтатылады

«Алматы Су» МКК баспасөз қызметінің хабарламасына сәйкес, оңтүстік астананың Әуезов ауданындағы бірқатар ғимараттар бір күнге суық судан ажыратылады.

«6 қазанда сағат 08.00-ден 00.00-ге дейін Шаляпин-Мұсабаев-Әшімов-Абай көшелерінің бойындағы «Алмас», «Астана», «Атамекен», «Достық», «Қуаныш», «Мамыр-1», «Мамыр-2», «Мамыр-4», «Мамыр-5», «Мамыр-6», «Мамыр-7», «Тепличный», «Шабыт», сондай-ақ «Қалқаман-2» ықшамаудандарының аумағында орналасқан тұрғын үйлерге және басқа да ғимараттарға суық су беру тоқтатылады», – делінген хабарламада.

Су ажыратылғанымен, денсаулық сақтау, білім беру нысандары мен әлеуметтік саладағы өзге де ғимараттарға автоцистерналармен су жеткізу ұйымдастырылады.

«Енгізілген шектеулер сумен жабдықтау объектісіндегі технологиялық жабдықты ауыстыру үшін қажет», – деп толықтырды баспасөз қызметі.

БІЛІМ

ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Қалалық әкімшіліктің мәжіліс залында қаламыздың ең үздік ұстаздары марапатталды. Ұстаздардың кәсіби мерекесіне арналған басқосуды қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева ашып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларға тоқталды.



– Биылғы Ұстаздар мерекесі ел Тәуелсіздігі мен ұлы ағартушы, алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Біздің қаламызда да көптеген іс-шаралар осынау тарихи оқиғалар аясында өтіп жатыр. Жақында ғана Білім министрі алғашқы ұстаздың туған жерінде арнайы жиын өткізіп, ең үздік ұстаздардың басын қосты. Жиын барысында жандартылған білім жүйесіндегі қол жеткізген табыстарымыз бен соңғы кездердегі жаңалықтар туралы кеңінен сөз болды. Осындай қолдаулар біздің әріптестеріміздің жұмысына

ерекше шабыт, қолдау берді. Әлемдік індетке қарамастан дәстүрлі білім форматына көшіп, сүйікті мектебімізге оралдық. Мұның өзі біздің індеттің бетін қайтарғанымызды білдірсе керек. Дегенмен, әлі де босаңсуға болмайды. Әлі де сақтық шаралары мен ережелерді сақтауға тиіспіз. Ұрпақ тағдырына жауапты қызметте екенімізді ұмытпауымыз керек, – деді Білім басқармасының басшысы.

Жиын барысында Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен Алматы қаласы Білім басқармасының кадр қызметі және құ-

жаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Толғанай Жиенбаева мен қалалық Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының» маманы Мәлік Әбішев марапатталды.

Алматы қаласы әкімінің Алғыс хаты Алматы қалалық Білім басқармасының техникалық қадағалау бөлімінің басшысы Қайрат Күншуақовқа табысталды. Сондай-ақ, ұзақ жыл қызмет еткен ұстаздар үкімет тарапынан жоғары марапатқа ие болды. М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Татьяна Волгаева мен №2 Оқушылар үйінің директоры Елена Диярова «Еңбек ардагері» атанды.

Қаламыздағы №178 мектеп-лицейдің физика пәні мұғалімі Гүлнар Слямғалиева, №173 мектеп-лицейдің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Еркін Сеңкебаев, О.Жандосов атындағы №105 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ұлғанын Әубәкірова білім саласындағы ең жоғары марапат «Ы.Алтынсарин» төсбелгісіне ие болса, №159 гимназияның басшысы Эльмира Бидайбекова «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанды.

Суреттерді түсірген
Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ПАРЫЗ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУДА



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласының жергілікті әскери басқару органдарында келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау жүріп жатыр. Яғни 400-ге жуық адам келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданады.



Комиссияның оң шешімін алу үшін кандидатқа әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мандығы болуы, мерзімді әскери қызметті өткеруі не әскери кафедрада оқудан немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында даярлықтан өтуі қажет. Маңыздысы – болашақ әскери қызметшінің денсаулық жағдайы және оның психологиялық дайындығы.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіре отырып, азамат саналы және ерікті түрде өз елінің кәсіби қорғаушысы болады. Әскери лауазымға ие болғаннан кейін әскери қызметші мансаптық өсу мүмкіндігіне ие болады.

Кәсіби біліктіліктен басқа армия әлеуметтік қолдау да көрсетеді. Әскери қызметші мен оның отбасы мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе оны жалға алғаны үшін ақшалай өтемақы алуға, тегін медициналық қызмет алуға құқығы бар.

Қазіргі уақытта Алматы қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жасақтау басқармасы мен Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының басқармасы арасында осы бағыттағы бірлескен қызметтік жұмыс жоспары әзірленді. Онда Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, әскери бөлімдерде Ашық есік күндерін өткізу бойынша іс-шаралар көзделген, – деді Алматы қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшысы, полковник Амантай Өсербаев.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет – мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, кәсіби өсуге мүмкіндік беретін, әскери қызметшінің өзін де, оның отбасы мүшелерін де әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін беделді жұмыс.

САРАПШЫ ПІКІРІ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ



МӘЛІМЕТТЕРДІҢ СЕНІМДІ КӨЗІ



Әсел
ДАҒЖАН

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының оқытушысы, экономика ғылымының докторы Патима Әбдіқұлова офлайнда өтіп жатқан ұлттық санақ халықтың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық жағдайын көрсетіп береді дейді.

П.Әбдіқұлова халық санағы мемлекеттің болашақ әлеуметтік-экономикалық жоспарын құру үшін әрбір он жыл сайын жүргізіліп отыратынын еске салды.

«Әдетте санақтан кейін терең әлеуметтік-экономикалық және демографиялық талдау жүргізіледі. Жаңа туған нәрестеден қарт адамға дейін бәрі ескеріледі. Бала мектепке, колледжге барады ма, әлде университетте оқиды ма, ресми түрде жұмыс істейді ме, не өзін-өзі жұмыспен қамтыған ба, бәрі сұралады», – дейді сарапшы.

Санақ қорытындысы бойынша мемлекет азаматтардың қалай өмір сүретіні туралы толық ақпарат алады. Сонымен қатар, бұл статистика әртүрлі бөлімдерден алатын ақпаратты нақтылауға көмектеседі. Мысалы, некеде тұрған адамдар туралы АХАЖ деректерін тексеруге болады.

«Елімізде қанша көпбалалы отбасы бар екенін анықтауға болады. Егер бұрын көпбалалы аналар 10–15 бала туған әйелдер болса, бүгінде төрт бала тәрбиелеп отыр. Санақ қорытындысы бойынша олар мемлекеттік қолдау ала алады. Жұмыссыздардың ақпараты жұмыс орындарын құру бойынша жаңа бағдарламалар қажет екенін түсінуге көмектеседі. Зейнеткерлер табысы төмен екендіктерін хабарлап, мемлекетке зейнетақыны арттыру қажеттігі туралы белгі береді», – деп жалғастырды П.Әбдіқұлова.

Мемлекет үшін орташа ауқаты бар немесе ең төменгі жалақы алатын, қарт пен жас және құжаттары жоқ барлық азаматтар туралы ақпарат маңызды.

«Халықты ЖСН бойынша санауға болатын сияқты, бірақ бұл тек жеке куәлікте көрсетілген сандар ғана. Ескі құжаттар бойынша немесе құжатсыз жүрген азаматтар әлі де бар», – деді сарапшы.

Экономиканы дамыту үшін мемлекет халық туралы нақты статистикалық ақпаратқа ие болуы керек. Сондықтан П.Әбдіқұлова Алматы тұрғындарын санақ рәсіміне түсіністікпен қарауға, сауалнама сұрақтарына толық жауапкершілікпен жауап беруге шақырды. «Біз – біртұтас Қазақстан халқымыз, санақ деректерінің нәтижесінде өзімізге айнадағыдай қарай аламыз. Халық санағы – бұл елдің шежіресі, оның тарихы. Бізден кейін қалатын және ұрпақтар бізді бағалайтын бірнеше объективті ақпарат көздерінің бірі», – деп қорытындылады экономика ғылымының докторы.

СПОРТ

МҰЗ ХАНЗАДАСЫ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматылық спортшы Михаил Шайдоров мәнерлеп сырғанаудан ISU Гран-При кезеңінің күміс жүлдегері атанды.

Польшаның Гданьск қаласында мәнерлеп сырғанаудан жастар арасында ISU Гран-При кезеңі мәреге жетті. Қос бағдарлама нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасының спортшысы Михаил Шайдоров 207.3 ұпайын еншіледі. Бұл көрсеткіш отандасымызға жалпы жарыс кестесінде екінші бағаннан көрінуге мүмкіндік берді. Ресейлік Глеб Лутфиллин (231.26) ISU Junior Grand Prix кезеңі саналған Baltic Cup 2021 додасының жеңімпазы болды. Ал оның командасы Егор Рухин (202.28) үздік үштікті қорытындылады.

Михаил Шайдоров 2004 жылы 25 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген. Мәнерлеп сырғанаумен 6 жасында айналыса бастаған. 2019 жылдың соңында Михаил Алматыда өткен ұлттық чемпионатта жеңген. 2018 жылы «Bosphorus Cup» халықаралық турнирінде күміс медаль иеленген.





#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Лазиз СУЛАЙМАНОВ, «Nur Otan» партиясының мүшесі:

– Тәуелсіздік – кез келген мемлекеттің басты бағыты. Міне, бүгінде тәуелсіздік пен татулықта, тұрақтылық пен дамуға бағыт алып, бейбіт күн кешкенімізге – 30 жыл. Бүгінде Қазақстанда 130-дан астам ұлт бір шаңырақ астында өмір сүруде. Қазақстан халқының достығы – адам жүрегінің төрінен орын алған. Әрине, мұнда да Елбасының саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулыққа бағытталған ұтқыр саясаты жатыр. Сол себепті, мен Елбасы, партия Төрағасына шексіз алғысымды айтамын.

Өзім 1980 жылы Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келдім. Шымкент қаласында білім алып, мұғалім атандым. одан соң жеке кәсіпкер атанып, қала өмірі үшін маңызды бірқатар жауапты, басшылық қызметтерді де абыроймен атқардым. Еліміздің бұдан әрі өркендеуіне, әрбір азаматқа лайықты өмір орнату үшін барымды саламын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!



Шұғыла ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ, терапевт-дәрігер:

– Міне, ата-бабамыз армандаған Тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр. Мен Тәуелсіздік тұсында дүниеге келген замандастарымды бақытты ұрпаққа балаймын. Себебі, біз дүниеге келген жылы халқымыз сарылып күткен Тәуелсіздікке қол жеткізе алдық. Мемлекеттік рәміздерімізді анықтадық, ана тілімізге кең өріс аштық. Барлық қазбалы да, рухани да байлықтарымызды мемлекет игілігіне жұмсап, Қазақстан Республикасының абыройын асқақтатуға күш салдық.

Менің ойымша, сол өзгерістер жаңа бастамаларға мұрындық болды, елімізді жаңа биіктерге шығарды деп ойлаймын. Қандай қызметте болса да, әрбір жас Тәуелсіз еліне мінсіз қызмет етуі керек. «Біз жанбасақ лапылдап, аспан қалай ашылмақ?!» демекші, өзім әлемде белең алған пандемия кезінде провизорлық бөлімде 14 күн емдеуші дәрігер қызметінде, 3 рет қатарынан індетпен күресуде аянбай еңбек еттім. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің табалдырығында тұрып, осындай бірлігі мықты елде туғаныма шексіз бақыттымын. Мен туған жердің өркендеуіне үлес қосатын белсенді жастардың бірімін. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтанш тұтамын.

**Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.**

Анар ТЫЛАХМЕТОВА, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты осынау қастерлі ұғымды бағалай отырып, еліміздің тұғыры биік, болашағы жарқын болуы үшін бірлесе еңбек ету арқылы бір мақсатқа жетудің қажеттілігіне ерекше тоқталады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басуына орай, жаңа белестерді бағындыруда әрдайым тынымсыз еңбек пен алдыға ұдайы ұмтылу керектігін саралай келе, бағдарды: «Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму», «Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру», «Сапалы білім беру», «Өңірлік саясатты жетілдіру», «Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру», «Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау», «Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» деген негізгі 7 тарауға бөлген. Ұлттың ұйысуы мен оның одан әрі даму жолының басты бағытына назар аударып: «Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек», – деп жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіре білуді басты міндет ретінде қарастырады.

Президент «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз» деп, тұғыры берік, еңсесі биік ел болуда ғылымның ойып алар орны ерекше екенін қадап айтты. Мемлекет басшысы бүгінгі таңдағы ғылым саласының өзекті мәселелеріне тоқталып, түйінді түйткілдердің басты шешімдерін сараптай отырып: «Ең алдымен, жетекші ғылымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек. Мұны

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 90



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Биыл поэзия мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл. Осыған орай, Мемлекеттік хатшы Қ.Көшербаев ақынның туған жері Қарасазға арнайы барып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Ақын атындағы мұражайды аралап, жәдігерлердің қатарын толықтырды. Мұқағалидың қобызын мұражайға тапсырды.

Дәл осы күні Орталық алаңда ақынның еңселі ескерткіші ашылды. Ақын тойына арналған салтанатты шараға ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, ҚР Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Алматы облысының әкімі Аманжол Баталов, ақынның ұлы мен келіні Жұлдыз Мақатаев пен Бақытгүл Айдарова, «ТҮРКСОЙ» ұйымының өкілдері, Парламент депутаттары, ел зиялылары және аудан жұртшылығы қатысты.

– «Мұқағали – жырдың асыл қазынасы. Ол – өткен мен жаңаның арасын жалпаған алтын көпір. Қазіргі кезде Елбасы мен Президенттің бастамасымен ақынның ғасырлық тойын ЮНЕСКО көлемінде өткізуге ұсыныстар дайындалып жатыр. Халқымыздың рухы Мұқағали жырларындай таза,

ТАҒЫМ



**Әсел
ДАҒЖАН**

ҚР Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне даңқты қолбасшылар есімі берілді. Қорғаныс министрінің жарлығымен 37-ші десанттық-шабуылдау бригадасына Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Иван Панфиловтың, 5-ші механикаландырылған бригадаға Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, полковник Бауыржан Момышұлының есімі берілді.

Бұл әскери бөлімдерге батырлар есімі кездейсоқ таңдалған жоқ. Алматы облысында 37-ші десанттық-шабуылдау бригадасы орналасқан. Ол жерде 1941 жылдың жазында генерал-майор Иван Панфиловтың басшылығымен ел аузында «Панфиловшылар» аты-

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн. Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырдым. Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек», – деп құзырлы министрлікке осындай ғылыми мекемелердің іріктеу және қаржыландыру жолдарын енгізу керектігін айқындап айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласындағы кезек күттірмейтін маңызды мәселе ретінде: «Грант мерзімінің үш жылымен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр», – деп гранттық қаржыландыруға арналған бағдарламалардың мерзімі сын көтермейтін жағдайда тұрғанына басты мән берген. Осындай қысқа уақытқа жоспарланған гранттық жобаларды қаржыландыру мерзімін 3 жылдан 5 жылға дейін ұзарту мәселесін қарастыруды жөн санап, осы бағытта нақты тапсырмаларды аманаттап отыр.

Ғылымды дамыған елдің болашағы зор әрі жарқын болары анық. Бүгінде Қазақстан ғы-

лымының көптеген мәселелері жан-жақты қарастырылып, оның даму жолындағы тиісті жұмыстары біртіндеп қолға алынууда. Осы негізде отандық ғылымда жаңа серпілістерге жетелейтін оң өзгерістердің де қатары артып келеді. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ғылым саласының мамандарымен кері байланыс орнату арқылы ғылымдағы түйткілдердің шешімін талқылай отырып, гранттық конкурстардың өту мерзімін, бұрынғыдай 3 жылда 1 рет емес, енді жыл сайын өткізуді қолға алған болатын. Сонымен қатар, 1 жылға дейінгі мерзімді гранттар да енгізілген еді. Қазақстандағы ғылым саласының басты тірегіне айналған ғылыми-зерттеу институттарында, 2020 жылдан бастап гранттық және БНҚ (бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру) мәселесіндегі конкурстардың жыл сайын жүргізілуі де ғылым бағытындағы үлкен жетістік болып табылады.

Мемлекет басшысының отандық ғылым саласына қатысты айтылған кезекті Жолдауындағы серпінді жоспарлары өз уақытында іске асып, ұлттық ғылымның даму жолында түбегейлі жаңа шешімдердің қабылдануына тірек болады деген сенімдеміз.

Еңселі ескерткіш қойылды



Хантәңіріңдей асқақ, Көлсайдай көрікті болсын», – деген Қырымбек Көшербаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы құттықтауын табыс етті.

Ақынның туған жерінде бой көтерген алып ескерткіш қоладан құйылып, тұғыры граниттен жасалған. Авторлары – сәулетші А.Рүстембеков пен мүсінші Қ.Кәкімов.

ҚОЛБАСШЫЛАР ҰЛЫҚТАЛДЫ



мен белгілі 316-шы атқыштар дивизиясы құрылды. 5-ші механикаландырылған бригада – Тараз гарнизонында. Бұл – Жамбыл облысы, Жуалы ауданының тумасы, атакты қолбасшы Бауыржан Момышұлы туған аймақта орналасқан. Мұндай игі бастаманы әскери бөлімдердің жеке құрамы мен Қорғаныс министрлігінің басшылығы тұтастай қолдаған болатын. Қорытынды оң шешімді Үкімет жанындағы республикалық онотастика комиссиясы шығарды.

«Әскери бөлімдерге жауынгер қолбасшылардың есімін беру фашизмді жеңуге, әскери ғылымды, тактиканы және шұғыл ұрыс өнерін дамытуға елеулі үлес қосқан, аты аңызға айналған қолбасшыларды жадымызда мәңгі сақтауға және жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын жалғастыруға ықпал етер сөзсіз», – делінген ресми хабарламада.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ

заман талабына сай жетілдірілуге тиіс

«Әлемдік коронавирустық дағдарыс халықтың табысына қысымды күшейтті. Ең төменгі жалақы деңгейі бойынша Қазақстан ТМД-ның бірқатар елдерінен кейінгі орында. Сондықтан 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны ағымдағы 42 500-ден 60 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылдаймын. Бұл шара бір миллионнан астам адамға, ал жанамат түрде барлық еңбекшілерге қатысты болады. Бұл көлеңкелі жалақы қорын азайтады, оның мөлшері бүгінде декларацияланғандардың 30, тіпті 40%-ына жетуі мүмкін», – деді Мемлекет басшысы.

Бұған дейін сараптама жасайтын порталдардың бірі табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен Қазақстан тұрғындарының саны 20 пайызға артқанын есептеген. 2020 жылдың IV тоқсанында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар саны жыл ішінде 12 пайызға, 140,6 мыңға дейін артқан. 858,5 мың адам есептелген, бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 20,1 пайызға көп. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың көпшілігі Түркістан облысында тұрады – 19,9 пайыз немесе 27,9 мың отбасы.

Сарапшы мамандар еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне күнкөріс деңгейін бағалау әдістемесін заман талабына сай жетілдіру туралы ұсыныс жасап отыр. Олар «әлемдік пандемия мен экономикалық дағдарыс артқан тұста күнкөріс деңгейін есептеуде еуропалық тәсілге көшудің уақыты жетті» деген пікірде. Олардың дәйектерінше, бүгінгі күні Қазақстандағы күнкөріс деңгейі дұрыс есептелмейді. Бүгінгі таңда білім алуға, ақылы медицинаға қаржысы жоқтар да кедей болып саналуы керек көрінеді.

ХАЛЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРА МА?

Шынында да Қазақстандағы күнкөріс деңгейін еуропалық тәсілмен есептейтін кез жеткен тәрізді. Өйткені, коронавирус пен қаржылық дағдарыс қарапайым халықты «қысып» барады. Ендеше, осыған байланысты күнкөріс деңгейін де заманға сай арттырып отырғанымыз жөн секілді. Оның үстіне, қазір біз дамыған мемлекеттердің қатарына енуге тырысып жатыр-

1 қыркүйекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшерін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 60 мың теңгеге дейін қайта қарауды тапсырды. Бұл көрсеткіш 2018 жылдан бері өзгерген жоқ және 42,5 мың теңгені құрады.



мыз. Онда неге күнкөріс деңгейін де еуропалық тәсілмен есептеуге көшпеске? Бәлкім, еуропалық тәсілмен есептеуді біздің экономикалық жағдайымыз көтермейтін шығар. Ондай жағдайда ең болмаса дәл қазіргі деңгейден өсіруіміз керек. Өйткені, дәл бүгінгі тәсілмен еліміздегі күнкөріс деңгейі төмен адамдар саны өсе түсуі әбден мүмкін. Мәселен, кейбір деректер бойынша халықтың 20 пайызы күнкөрісі төмен деңгейде өмір сүреді. Яғни халықтың осынша бөлігі ай сайын 42 500 теңгеге күнелтуге мәжбүр. Егер әдістемені еуропалық тәсілге көшірсек, еліміздегі күнкөрісі төмен деңгейдегі халықтың саны ақиқатқа жақынырақ болар еді. Мысалы, 42 500 теңгеден жоғары жалақы алатын кез келген қызметкер немесе зейнеткер кедей деп есептелмейді. Ал бүгінгі күні азық-түлік пен коммуналдық төлемдер бағасының күн өткен сайын өсіп бара жатқанын ескерсек, 45–50 мың теңге айлығын шайлығына жеткізе алмай отырған азаматтар санының ката-

ры өсе түседі. 50 мың теңге зейнетақысын қара басына жеткізе алмай отырған зейнеткер қаншама?! Мәселен, еттің келісі – 3000 теңге. Оны сатып алуға кейбіреулердің шамасы жете бермейді. Айналып келгенде мұның бәрі халықтың денсаулығының күрт сыр беруіне алып келеді. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, мемлекет сол байлығының қадіріне жетіп, қамқорлығына алуы керек. Сондықтан күнкөріс деңгейін есептеудің тиімді тәсіліне көшу арқылы халықтың күнкөріс жағдайын жақсартуға тырысуымыз қажет.

«КЕДЕЙ ЖОҚ ЕД» БОЛУҒА ТЫРЫСАЙЫҚ

Еуропалық стандарт бойынша орта тап өкілінің бір айлық жалақысы 600 мың теңгенің айналасы немесе 1500 доллардан кем болмауға тиіс. Айталық, АҚШ-та орта тап өкілдері барлық тұрғынның 50 пайызы болса, еліміздегі азаматтардың

көбі 50 мың теңгені қанағат тұтып отыр. Еуропада тұрмысы орта халықтың орташа айлық табысының 60 пайызы ең төменгі күнкөріс деңгейі деп есептелсе, бізде бұл көрсеткіш ең төменгі жалақының мөлшерімен есептеледі. Тәуелсіз сарапшылардың сөзіне сенсек, күнкөріс деңгейін есептеудің еуропалық тәсіліне көшсек, ең төменгі күнкөріс деңгейі бүгінгіден 1,5 есе артар еді. Демек, халқымыздың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған мұндай бастамалардан қашпауымыз керек.

Алдағы уақытта еліміздің дамуына орай күнкөріс деңгейін анықтаудың тәсілдері жетіле түсуі бек мүмкін. Кейбір дамыған мемлекеттерде жұмыссыздардың өзі мемлекет тарапынан айтарлықтай көлемде жәрдемақы алады. Ал бізде әлеуметтік статусы анықталмаған, «ауласында бес тауығы бар» өзін-өзі жұмыспен қамтушылар деген де топ бар. Сондықтан алдағы уақытта қоғамдағы барлық азаматтың әлеуметтік статусын анықтап алып, күнкөрістің деңгейін Еуропалық тәсілмен есептеуге көшуіміз қажет-ақ.

Тіпті болмағанда, Еуропаның тәсілін көшіріп алмасақ та, халықтың жағдайына қарай күнкөріс деңгейін есептеуді жетілдіре түсу қажет. Және сол арқылы елдегі күнкөрісі төмендерді барынша азайтып, «кедей жоқ» ел атануға тырысқанымыз жөн.

Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, біздегі бағалар мен тарифтердің өсуі тұрғындардың көпшілігінің табысынан әлдеқайда жоғары. Яғни тұрғындар бағаның өсуіне үнемі бейімделу үстінде. Сол себепті, қарапайым адамдар күнделікті күнкөрістің қамымен жүріп, өздерін дамытуға ешқандай уақыттары қалмайды. Бүгінде елімізде азық-түлік нарығы мен коммуналды қызмет саласындағы қалыптасқан жағдайға отандық мамандардың біразы алаңдаушылық білдіріп отыр. Азық-түлік бағасының қымбаттауы мен коммуналды төлемдердің үздіксіз өсуі көпшілік азаматтардың тұрмыстық мәселелерін қиындатып та жібергені жасырын емес. Осыған орай, қайсыбір мамандар «елдегі қымбатшылықты ырықтау үшін Бәсекелестікті қорғау агенттігін министрлік деңгейіне көтеру керек» дегенді алға тартады. Бұл енді бөлек бір мақалаға арқау болатын тақырып. Сондықтан оны алдағы уақытта зерттеп, мәселе етіп көтеретін боламыз.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Диас БЕРІКҰЛЫ, Алматы қаласының тұрғыны:

МЕМЛЕКЕТТІК ДҮКЕНДЕР АШУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Ең дұрысы, жылда халыққа үстеме қосып, бағаны күшпен тежемес үшін мемлекеттік сауда нүктелерін ашуды ойластыру керек. Мұндай мемлекеттік сауда нүктелері ашылатын болса, баға бірқалыпты бақылауда болады деп үміттенемін. Әйтпесе, қазір қазақстандықтардың 60 пайызы айлығын шай-пұлына жеткізе алмауда. Өкінішке орай, біздің елімізге келетін тауарлардың 60 пайызы сырттан тасымалданады. Демек, болашақта импортты қымбаттатпау үшін импортқа салынатын салық мөлшерін қайта қарастыру керек. Сонымен бірге, ауыр өнеркәсіп саласын дамытуға күш салсақ жөн болар еді. Біз инфрақұрылымдарды дамытуға пайдаланатын қажетті технологияларды, инженерлік мамандарды сырттан әкелуді тоқтатуымыз тиіс. Бұл отандық өнеркәсіп саласының жандануына кері ықпалын тигізуде. Сондай-ақ, сауда-саттық саласының 50 пайызын мемлекет өз қарамағына алуы керек деп есептеймін. Кезіндегідей халықты азық-түлік өнімдерімен және тұтыну тауарларымен қамтамасыз ететін мемлекеттік дүкендер болуы тиіс. Сонымен қатар, болашақта біз отандық тауар өндірушілерге, әсіресе, азық-түлік өнімдерін өндірушілерге жағдай жасауымыз керек. Отандық өнімдерге салынатын салық көлемі азайтылып, отандық өнім өндіретін кәсіпкерлерді орынсыз тексеруге мораторий жалғасса, бұл үрдіс болашақта елдегі тауар өндірушілердің тасын өрге домалатады. Міне, осындай нақты-нақты тетіктерді ұстансақ, халықтың жағдайы дұрысталады.



Ермек ЫСҚАҚОВ, кәсіпкер:

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК ҚАЛЫПТАСУҒА ТИІС

Біз үшін нақ қазір алаңдауға тиіс мәселелердің бірі – халықтың тұрмысы мен тапқан табысының арасын қабыстыру, яғни халықтың тұрмысқа сай табыс табуына, сол табысын мамыражай тіршілік кешуге жұмсауына жағдай жасау болуы керек. Ал біздегі қазіргі нарықтың болмысында базбіреулер тым байып кетті де, енді бір қауымның айлығы шай-пұлына жетпей, «шақшадай басы шарадай» болуда. Біреулер кедейленіп жатса, енді біреулер шылқып байып жатыр. Әлеуметтік теңдік қалыптаспай отыр.

Мәселен, Швецияда 5 пайыз байлар болса, 10 пайыздайы – кедейлер, қалғаны – орта таптағы адамдар. Демек, онда орташа өмір сүретін адамдар саны көп те, жарлылар мен байлар саны аз екенін көрсетеді. Осыдан болар, олардың халқының жағдайы жақсы. Тірліктері мамыражай. Бір сөзбен айтқанда, Швеция – халқының тұрмыс-тіршілігін теңестіре білген ел. Ал бізде байлар тым байып, кедейлер одан сайын кедейленіп барады. Сондықтан халықтың тұрмысын теңестіру қажет. Қанша ақша, қайда бөлінсе де, әділетті бөлініс болуы тиіс. Қарапайым тілмен айтқанда, кедейлерге көбірек, байларға аз берілген жөн. Осы арқылы ең төменгі деңгейдегі күнкөріс мөлшерін орта деңгейге жеткізе аламыз. Әйтпесе, неге депутаттар 900 мың алады, ал ұстаздар мен дәрігерлердің айлығы 150 мың теңгенің айналасында ғана. Сондықтан көп жалақы алатындардың айлығын қысқартып, аз алатындардікінен көбейтуіміз керек.



ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСАДЫ

Алматыда көз қуантар жаңалық көп



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

**Керек
дерек**

Жоба аясында екі жыл ішінде **7,3 млрд. теңге** болатын **322 жоба** жүзеге асырылған.

«Бюджетке қатысу» жобасы 2019 жылы пилоттық режимде басталған.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматының барлық аудандарында қоғамдық кеңістікті ретке келтіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы қала әкімі **Бақытжан Сағынтаев** өзінің Instagram-дағы жеке парақшасында жазды.

Шаһар басшысының айтуынша, қаланың орталық аудандарында бұрыннан бар сквер мен алаңдар жөнделіп, ретке келтірілсе, шеткі аумақтарда бос әрі қараусыз қалған учаскелерде балалардың ойын және спорт кешендері орнатылуда. «Бұл «Бюджетке қатысу» жобасына қатысып, белсенділік танытқан қала тұрғындарының арқасы», – деп атап өтті мегаполис әкімі.

Мәселен, биыл Наурызбай ауданында осындай **32**, Алатау ауданында – **31**, Түркісібте – **18** алаң орнатылады. Өуезов ауданында – **21**, Жетісуда – **18**, Медеу мен Бостандық аудандарында **8 жоба** жүзеге асырылуда. Алмалы ауданында бос жатқан **5 учаске** абаттандырылып, иттерді серуендетуге арналған **3 алаң** ұйымдастырылды.

Балалар мен жасөспірімдердің еркін ойнауы мен аға буын өкілдерінің тыныш әрі жақсы демалысына жайлы орынды, шағын учаскелерді тұрғындардың өздері таңдайды. Сондықтан мұндай аймақтардың қадамдық қолжетімділігі маңызды. Бір айта кетерлігі, барлық аудандарда күрес, бокс, футбол үйірмелері ашылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында абаттандыру мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бюджетіне «халықтың қатысуы» үлесін **10 есеге** арттыруды тапсырған болатын. Осы орайда шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев қала активінің отырысында Алматыда «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша құны **7 млрд. теңгенің 322 жобасы** жүзеге асырылғанын айтты. «Бюджетке қатысу» жо-

басы Алматыда екінші жыл жүзеге асырылып жатыр. 23 тамыздан бастап жобаны іске асырудың үшінші жылына өтінімдер қабылданды. Мәселен, екі жыл ішінде саябақтар, скверлер, аулаларды абаттандыру, қоғамдық орындарды жарықтандыру мен жөндеуге құны **7,3 млрд. теңге** болатын **322 жоба** (2020 ж. – **49 жоба**, 2021 ж. – **273 жоба**) жүзеге асырылған.

Уақыт өткен сайын ауқымы мен мүмкіндіктері кеңейіп келе жатқан жобаның Алматыны абаттандыруда көмегі зор. Қала жұртының көңілінен шыққан бұл бағдарлама алып шаһарды күн санап

көркейте түсті. Себебі, жоба қолға алынған сәттен бастап тұрғындар өздері тұратын ауданға не қажет екенін өздері ұсынып, белсенділік танытуда. Нәтижесінде, Алматының барлық аудандарында көптеген аулалар абаттандырылып, саябақтар мен скверлер салу жұмыстары жүргізілді. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында түрлі спорт алаңдары мен балалар ойнайтын алаңдар бой көтерді. Көшелерге жарық орнатылды.

Қала басшысының айтуынша, болашақта «Бюджетке қатысу» жобасы аясында қаланың шеткі бөлігі үшін жобаларды іріктеу процедураларын одан әрі жетілдіру керек. Яғни жыл бойы тұрғындардың ұсыныстарын жинау жоспардан ешқашан тыс қалмақ емес. Бұл қаланың көркейіп, одан әрі дами түсуіне ықпал ететіні сөзсіз.



Жадыңызда жүрсін!

«Бюджетке қатысу» жобасының ерекше тұсы – құрылыс жоспары қала тұрғындарымен кеңесе отырып жасалады.





Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«Бүгінде Алматыны Орталық Азияның ең креативті қаласы деп айтуға болады. Еліміздің креативті секторының 45%-ы біздің қаламызда шоғырланған. Алматы – IT қалыптастырылған, дамыған ғылымы мен креативті инфрақұрылымы бар, жарқын студенттік, жастар қаласы. Біздің қаламызда жыл сайын ұлттық жоғары оқу орындары дайындайтын ең үздік шығармашыл кадрлар шоғырланған».

Алматы қаласы мәслихатының VII шақырылымының кезектен тыс II сессиясы барысында мәслихат депутаттары шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың «Креативті индустриялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы бастамасын қолдаған болатын. Бүгінде алып шаһар дәл осы бағытта да қарқынды дамып келеді.

Креативті индустрияны дамыту – «Алматы–2050» кешенді даму стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі. Дамудың негізгі бағыттарына музыка, әдебиет, театр, опера және балет, сән, кино мен анимация, жаңа медиа және цифрлық мәдениет, заманауи өнер, ойын-сауық индустриясы, сәулет пен дизайн, ойын және киберспорт, жарнама жатады.

Алматыда кәсіпорындардың жалпы санынан креативті индустриялар үлесі 6,3%-ды ғана құрайды. Бүгінде бұл салада 60 мыңнан астам азамат жұмыс істейді. Жақын болашақта креативті экономика қаланың өсуі мен әл-ауқатының негізгі драйверлерінің бірі болады деп жоспарлануда.



Креативті индустрия саласында **60 мыңнан астам адам** (6,4%) жұмыс істейді



4,3 мың кәсіпкер тіркелген **3,6 мың компания** (еліміздегі креативті кәсіпкерліктің 53%-ы)



Бүкіл елге креативті экономиканы дамыту бойынша Алматы тәжірибесін масштабтау



Креативті индустриялар паркі бұрынғы ТИЗО ғимараттар кешенінің базасында




«Алатау» креативті ХАБ күнделікті **700 адамға** дейін қабылдайды

Қала күнінде ашылған Медеу ауданындағы креативті ХАБ




Depo Evolution Park

АЛМАТЫ: КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



2020 жылы Алматыда көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 1,5 трлн. теңгеден асқан. Оның үстіне, креативті экономика қызметтерінің көлемі 615,6 млрд. теңгеге жетіп, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінен озып өтіп, 568 млрд. теңгені құрады.

Алатау ауданында ашылған Alatau Creative HUB Алматыдағы креативті индустрияларды дамытудың алғашқы қадамы болып табылады. «Қала экономикасының құрылымын әртараптандыру үшін қажетті жаңа орталар құрылуда. Шығармашылық тұрғыда өзін дамытып, еңбек нәтижелерін монетизациялау үшін барлық жағдай жасалған. Маркетинг-құралдар, PR, ивентика кешені ұсынылып отыр. Мұнда баспа үйі, кітап дүкендерімен байланыс орнатып, өнімді жылжыту бойынша іс-шаралар өткізуге көмектеседі. Егер шығармашылық идеяңызды жүзеге асырғыңыз келсе, Alatau Creative HUB-қа қош келдіңіз», – деп атап өтті шаһар басшысы Б.Сағынтаев өзінің Instagram парақшасында. Қала әкімінің айтуынша, мұндай орталықтар Алматының барлық аудандарында құрылады.



ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ

Алматыда еліміз бойынша алғашқы креативті индустриялар басқармасы құрылды. Бұл басқарма креативті экономиканың қарқынды дамып жатқаны ескеріле отырып құрылып отыр.

Жаңа басқарманың негізгі миссиясы – креативті индустрия саласында ең үздік шығармашылық жұмыстарға қолдау көрсетіп, оларды сақтауға, жаңа өнім шығарып, жаңғыртуға арналған креативті орта қалыптастыру, сондай-ақ, креативті индустрия өнімдеріне жоғары сұранысты қамтамасыз етіп, креативті кеңістіктерді дамыту. Сонымен қатар, басқармада ұлттық валютаны нығайтудың негізгі факторы болатын, интеллектуалды өнімнің экспорттық құрамдас бөлігін арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Креативті индустриялар басқармасының басты міндеттері 4 бағытта жұмыс жасайды.

Креативті индустриялар басқармасының құрылуы шығармашылықтың өркендеуіне ғана емес, Алматыға келетін туристер санының артуына, жалпы еліміздің имиджін көтеруге ықпал етеді. Бұл жоспардың бәрі шығармашылық секторды коммерциялау, интеллектуалды әлеуетті дамыту және шығармашылық өндірісті кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

«Креативті экономика» ұғымын BusinessWeek журналы 2000 жылғы тамызда енгізген.

Креативті индустриялар – бұл жеке шығармашылыққа, шеберлікке немесе талантқа негізделген және интеллектуалды меншікті өндіру мен пайдалану арқылы қосымша құн және жұмыс орындарын құру әлеуетінен тұратын қызмет.



АЛМАТЫДА ЕҢ ҮЛКЕН ӘЛЕУЕТКЕ ИЕ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Кино: киноны дамыту үшін қала әкімдігі жанынан – Almaty Film Commission деп аталатын арнайы орган құрылады. Бұл құрылым «бір терезе» қағидаты бойынша шетелдік және отандық кинокомпанияларға түсірілім ұйымдастыруға ықпал етеді.

Музыка: Алматы – музыка бағыты бойынша ЮНЕСКО-ның креативті қалалар желісіне кіретін Орталық Азиядағы жалғыз қала. Алматы музыканттарын қолдау үшін Индустрия, мемлекет, бизнес және білім беру өкілдерінің бірігуімен арнайы платформалар құрылады.

Әдебиет: Алматыда барлық кітапханалар жөнделіп, жаңалары қосымша салынады. Сондай-ақ, жаңартылған оқу орталықтарында жас жазушыларға өз туындыларын сәтті сату және жылжыту әдісі үйретіледі.

Театр, опера, балет: Алматыда қаланың театр өнерін дамыту стратегиясы әзірленеді.

Дизайн және сәулет: Алматыдағы болашақ нысандардың құрылысына салынатын бірыңғай сәулет және дизайнерлік кодты жасау. Әрбір жаңа нысан мегаполисті бірегей, танымал және тартымды етуі тиіс.

Сән: Жаңа бастаған сән дизайнерлеріне шеберханалар мен өнімдерді ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да жылжытуға көмек көрсетіледі.

Жаңа медиа және сандық мәдениет: Youtube, Instagram сияқты платформалар ең аз инвестициялармен танымал мазмұнды құруға және жақсы ақша табуға мүмкіндік берді. Бұл медиада жас алматылықтар үлкен жетістіктерге жетті.

Ойын-сауық индустриясы: Алматыда оқиғалық туризмді дамыту. Қазақстандық және шетелдік қонақтарды тартатын концерттерді, шоуларды, фестивальдерді ұйымдастыру.





ФУТЗАЛ

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ТӨРТТІГІНДЕМІЗ

Футзалдан Қазақстан құрамасы әлем чемпионатын IV орынмен қорытындылады. Жартылай финалда отандастарымыз Португалия құрамасын 2:1 есебімен жеңіп тұрып, соңғы минутта доп жіберіп алды. Ойын соңындағы пенальтиде Пиреней түбегінің өкілдері мергендік танытты – 4:3. Финалда Португалия құрамасы Аргентинадан 2:1 есебімен басым түсіп, әлем чемпионы атанды.

Қазақстан құрамасының әлем бойынша 4-орынға табан тіреуіне байланысты еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Твиттердегі парақшасында: «Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы алғаш рет әлем чемпионатының жартылай финалына шығып, керемет сенсация жасады. Құтты болсын! Алдағы ойындарына да сәттілік тілеймін!», – деп арнайы құттықтады.

Ал III орын үшін кездесуде отандастарымыз Бразилияға жол берді. Бразилия қақпашысы Гитта 12 минутта өз қақпасына доп соғып алса, 25 минутта оның бұл «ерлігін» Тайнан қайталады. Бірақ Тайнан

мұның қарымтасын тез қайырды: 31 минутта қорғаушымен таласта допты қақпаға дәл бағыттап, Қазақстанды алға шығарды. Бірақ бразилиялықтар тез арада үш доп енгізіп (Родриго, 32, Феррао, 34, Ле, 35), жеңісті жұлып алды. Қақпашы Игитаның 6 метрлік айып добын қайтаруы да Қазақстанға көмектесе алған жоқ.

КАКА, Қазақстан құрамасының бас бапкері:

– Мұндай додаға қатысу, үздік төрттікке ену – үлкен мақтаныш. Бізге жанкүйер болған барша Қазақстанға зор алғыс! Үшінші орын үшін матчқа жеткізген тамаша ойын көрсеттік деп ойлаймын. Бразилия құрамасынан жеңілдік. Бұл – өте мықты команда. Менің ойымша, қазақстандықтардың барлығы өз командасымен мақтануға тиіс.

Жарыс қорытындысында ФИФА Қазақстан құрамасын Fair Play (Адал ойын) арнайы сыйлығымен марапаттады. Қазақстан құрамасының көшбасшысы Дуглас «Қола доп» иегері атанды. Ал 6 гол соққан Тайнан «Қола бутсыға» ие болды.



ЕРКІН КҮРЕС

Болтин мен Дәулетбеков
бестікке енді

Норвегия астанасы Осло қаласында бұл күндері күрес түрлерінен әлем чемпионаты өтіп жатыр. Бірінші болып кілемге еркін күрес балуандары шықты. Өкінішке қарай, жарыстың алғашқы күнінде екі балуанымыз жүлдеге жақын келгенмен, қола жүлде үшін белдесуде жеңіліп қалды.

57 келі салмақ дәрежесінде Мейрамбек Қартбай іріктеу кезеңінде моңғол балуаны Бехбаяр Ерденебаттан 5:10 есебімен ұтылды.

Адлан Асқаров (61 келі) 1/8 финалда армян Арсен Арутюнянға 10:18 есебімен есе жіберді.

65 келіде Әділ Оспанов та іріктеуден аса алмады. Ол бахрейндік Қажы Мұхамед Әлиден 4:9 есебімен жеңілді.

74 келіде Нұрқожа Қайпанов қарсыласы Жүніс Әлиэкбар Емачичогаиден (Иран) соқыр ұпай ала алған жоқ. Есеп – 0:12.

Болат Сақаев (79 келі) іріктеу кезеңінде венгриялық Шаба Видадан басым түсті. Есеп 5:5 болды, соңғы ұпайды иеленгендіктен, Сақаев келесі кезеңге өтті. Бірақ жарақатын ауырсынып, Сақаев 1/8 финалда белдескен жоқ. Оның қарсыласы Жордан Барроузға жеңіс жазылды. Жарақат салдарынан Сақаев жұбаныш белдесуіне де шыға алған жоқ.

Азамат Дәулетбеков (86 келі) біраз жерге барды. Ол іріктеу кезеңінде Себастьян Езерянскиди (Польша) 12:1 есебімен еркін жеңсе де, 1/8 финалда олимпиада чемпионы Хасан Язданиден тосылды (2:12). Иран балуаны финалға жолдама алып, Дәулетбеков жұбаныш белдесулеріне шықты. Бұл кезеңде ол пуэрториколық Етан Адриан Рамосты таза



жеңгенмен (10:0), қола жүлде үшін белдесуде ресейлік Артур Найфоновқа есе жіберді (0:3). Сөйтіп, Дәулетбеков әлем чемпионатын 5-орынмен қорытындылады.

Биылғы Азия чемпионы Олег Болтин (125 келі) жарысты 1/8 финалдан бастады. Ол бұл кезеңде молдовалық Егор Оларды 6:5 есебімен жеңді, ширек финалда украиналық Олександр Колдовскийден 6:3 есебімен басым түсті. Жартылай финалда және қола жүлде үшін белдесуде отандасымыз сенім үлесінен шыға алған жоқ. Ол алдымен Гено Петриашвилиден (Грузия) 0:10 есебімен таза жеңілсе, үздік үштікке ену үшін Лхагвагерел Мнухтурды (Моңғолия) жеңіп жатып, екі ұпай айырмасымен тізе бүкті – 3:5.

Әлішер Ерғали (97 келі) жарыс жолына кеше шықты.

БОКС

АИБА былығы:
қазақстандықтардың да
аты аталады

2024 жылғы Париж олимпиадасында да бокс турнирін ХОК өзі өткізеді. Бұған АИБА-ның ұзақ жылға созылған солақай әрекеттері кінәлі. Алайда, Бүкіләлемдік әуесқой бокс федерациясының қазіргі президенті Омар Кремлев оған келіспек емес. Ол өзі бастамашы болып, АИБА-ның бұрынғы былығын ашуға өкілетті органдарға өтініш те жасады.

Канадалық заңгер Ричард Макларен бұл іске белсене кірісті. Ол кезінде Сочи олимпиадасындағы допинг дауына қатысты мәселе көтеріп, біраз былықтың бетін ашқан еді. Бұл жолғы жаңалығы тіпті сорақы сияқты. Оның дәлелдеуінше, 2016 жылғы Рио олимпиадасында боксшылар тағдырын шешу үшін артында алты нөлі бар сомалар айналымға түскен.

Профессор Ричард Макларен соңғы үш айда олимпиададағы төрешілер шешімдерін зерттеп, 149 беттен тұратын баяндама жариялады. Онда алтын жүлделер үшін бірқатар жекпе-жекте жемқор шенеуніктер мен қазылар қалауынша бұрмалағаны дәлелмен келтіріледі.

Тексерілген жекпе-жектер арасында қазақстандық Василий Левиттің 91 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ресейлік Евгений Тищенкомен финалдық кездесуі де бар. Онда ресейлік Евгений Тищенко жеңіске жеткен еді. Макларен олимпиадада ресейлік Евгений Тищенко мен француз Тони Йоканың «жолы ашық» болғанын дәлелдейді. Олар турнир бойы көтермеленіп келген. Мұны боксшылардың өзі білген-білмегені беймәлім. Йока мен



италиялық Клементе Руссо арасындағы жекпе-жекте де төрешілердің шешімі күмәнді.

Макларен баяндамасында қазақстандық төрешінің моңғол боксшысымен арағайындыққа жүргені айтылады. Қажет соманы тауып бермесе, моңғолдың жеңіліске ұшырайтынын қазақстандық төреші ашықтан-ашық айтады. Жекпе-жек қорытындысында моңғол боксшысы 0:3 есебімен ұтылған-ды.

Әрине, іс толық ашылмай, бәлен деп төрелік айту қиын. Бірақ өзіміз ұлттық өнеріміз санайтын бокстан осындай олқылық табылса, ел ретінде бізге де абырой болмайтыны анық.

ФУТБОЛ

2-орыннан үміт бар

2022 жылғы әлем біріншілігіне іріктеу кезеңінде Қазақстан құрамасы D тобында соңғы орында келеді. Отандастарымыз 5 ойынның үшеуінде тең түсіп, екеуінде жеңілді. Дегенмен, екінші орындағы Украина мен Финляндияның қоржынында 5 ұпай ғана барын ескерсек, біздің де жолдамадан үміттенуімізге болады. Қазақстан ендігі екі кездесуін өз алаңында – Нұр-Сұлтандағы «Астана Арена» стадионында өткізеді. 9 қазанда – Босния және Герцеговинамен, 12 қазанда Финляндиямен ойнайды.

Ұлттық құраманың бас бапкері Талғат Байсуфинов шақырту алған ойыншылар тізімін жақында жариялады. Жаңа ойыншылар деп «ордабасылық» Сағадат Тұрсынбай мен Сұлтанбек Астановты айтуға болады. Бұрын шақырылған ойыншылардан Абзал Бейсебеков (Астана), Оралхан Өміртаев («Шахтер») және Айбар Жақсылықов («Жетісу») құрамаға оралды. Толық тізім мынадай:

Қақпашылар: Стас Покатилов («Қайрат»), Игорь Шацкий («Шахтер»), Мұхамеджан Сейсен («Тараз»).

Қорғаушылар: Александр Марочкин, Сергей Малый (екеуі де – «Тобыл»), Юрий Логвиненко, Темірлан Ерланов (екеуі де – «Ақтөбе»), Нұралы Әліп, Ян Вороговский (екеуі де – «Қайрат»), Әлібек Қасым («Қызыл-Жар»), Сағадат Тұрсынбай («Ордабасы»), Абзал Бейсебеков («Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Еркін Тапалов («Ақжайық»), Мақсат Тәйкенов («Каспий»).

Жартылай қорғаушылар: Исламбек Қуат («Астана»), Георгий Жуков («Висла», Польша), Владислав Васильев («Андижан», Өзбекстан), Самат Жарынбетов, Азат Нұрғалиев (екеуі де – «Тобыл»), Рамазан Оразов («Ақтөбе»), Бақтиер Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Сұлтанбек Астанов («Ордабасы»).

Шабуылшылар: Оралхан Өміртаев («Шахтер»), Айбар Жақсылықов («Жетісу»),



Артур Шушеначев («Қайрат»).

Қосалқы тізімге Бекхан Шайзада («Ордабасы»), Бағдат Қайыров («Тобыл»), Олжас Керімжанов («Тұран»), Нұрлан Дайыров («Қызыл-Жар»), Дмитрий Шомко («Ақтөбе»), Михаил Габышев («Шахтер»), Бауыржан Байтана («Тараз»), Айдос Тәттібаев («Шахтер»), Роман Мұртазаев («Балтика», Ресей), Абат Айымбетов

(«Астана») енді. Футболшылар кеше елордаға жиналып, оқу-жаттығу жиындарын бастап кетті.

D тобында Франция құрамасы 12 ұпаймен көш бастап келеді. 9 қазанда Финляндия – Украина, 12 қазанда Украина – Босния кездесулері де өткізіледі.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



COVID-19-ды емдеудің жаңа әдісі

АЛЖИР «КоронаВак» вакцинасын өндіруге кірісті. Осы қазан айында 1 өндіруді көздеп отырған көрінеді. Ал 2022 жылдың аяғында 65 миллионға жеткізбек. Жергілікті билік оның біразын экспортқа шығармақ. Жоба Қытайдың «Синовак» компаниясымен бірлесіп қолға алынған.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бұл елде коронавирускқа қарсы екпе салдырғандар саны ересектердің 10%-ына да жетпейді.

БЕЛЬГИЯ елінің 65 жастан асқан тұрғындары қайта екпе салдыра бастады. Бустерлік дозаға «Pfizer» немесе «Moderna» препараттары таңдалған.

Бұған дейін «AstraZeneca» мен «Johnson&Johnson» екпесінің екі компонентін де қабылдағандар бустерлік вакцинаны 4 айдан кейін салдырса, «Pfizer» немесе «Moderna»-ны екікізгендер 6 айдан кейін ревакцинацияға келе алады.

Ал елдің Денсаулық сақтау министрлігі иммунитеті әлсіз кейбір қариялар вакцина қабылдағаннан кейін де ковид жұқтыруы мүмкін екенін ескертеді.

РЕСЕЙ «Sputnik V» вакцинасын жасы 60-тан асқан науқастар үшін сынаудың үшінші кезеңін аяқтады. Елдің Денсаулық сақтау министрінің мәлімдеуінше, препарат тиімділік пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін көрсеткен. Гамалей институтының мәліметтері негізінде вакциналау үшін жаңа нұсқаулар дайындалып, қазір зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды есеп әзірленіп жатыр.

Елде 49 млн.-нан астам тұрғын КВИ-ге қарсы вакцинаның бірінші дозасын салдырған. Ал екеуін де 40 млн. адам алған.

ОҢТҮСТІК КӨРЕЯ мамандары COVID-19-ды емдеудің жаңа әдісін ойлап тапты. Ғалымдардың айтуынша, жаңа аппарат арқылы адам ағзасында вирусты жоятын температура қалыптасады. Бүгінге дейін бұл әдіс КВИ-ге шалдыққан 20 пациенттің сауығып кетуіне септігі тиген. Қазірдің өзінде бұл құрылғы елдің 100-ге жуық клиникасында бар.

Емдеудің бұл әдісі енді вирустарды зерттейтін халықаралық альянста зерттеліп жатқан көрінеді.

ҮНДІСТАН мемлекетіндегі ең ірі үш штатында медицина мамандары мерзімсіз ереуілге шығатынын мәлімдеген.

Шерулер, негізінен, Мумбай қаласында өтіп жатыр. Дәрігерлермен бірге медициналық оқу орындарының студенттері де шыққан. Жастар жатақханаларында тұрмыстық жағдайды жақсартуды және аспирантурада оқуды тегін етуді талап етуде. Ал дәрігерлер ковид науқастарымен жұмысы үшін жеңілдіктерді сұрап отыр.

Еске сала кетсек, Үндістан – ковид өршіп тұрған, соған орай дәрігерлердің жүктемесі де тым ауыр елдердің санатында.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

#ЕКПЕАЛ!

«Мен екпе алдым!»

Айсара ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, мұғалім:

– Вирустан қорғану үшін отандық «QazVac» вакцинасын алдым. Алғашқы дозасын 28 сәуірде қабылдадым. Екіншісін 19 мамырда салдырдым. Екі процедура да ойдағыдай өтті, ешқандай ауырсыну белгісін байқаған жоқпын. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Бірақ вакцина әр адамға әртүрлі әсер етуі мүмкін. Екпе салдырған достарымның ішінде дене қызуы көтерілгендері де болды. Жалпы, вакцина алған барлық таныстарымның жағдайы өте жақсы. Сол себепті, екпеден қорқудың қажеті жоқ деп санаймын.



Гүлзира МАҢҒЫБАЕВА, қала тұрғыны:

– Мен ерікті түрде өзіме екпе салдырдым. Дәрігер мамандар екпеден кейін ине салынған орынға су тигізбеуге және егу орнын жылы ұстауға кеңес берді. Мамандар кеңесіне сәйкес әрекет ететін боламын. Мына әлемді жайлаған індеттің таралу қаупін тек екпе салдыру арқылы ғана төмендете аламыз. Сол себепті, барша қала тұрғындарын коронавирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын.



Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

Дәрігерлер тәжірибесі артты

Белгілі дәрігер Анарбек Моңғолдың айтуынша, бүгінде коронавирусты емдеуде дәрігерлердің біліктілігі мен тәжірибесі арта түскен.

«Коронавирустың бірінші, екінші толқынмен салыстырғанда үшінші толқында науқастар саны 3-4 есе жоғары болғанына қарамастан, дәрігерлердің коронавируспен күресте біліктілігі артып, тәжірибелерінің молайғанына куә болдық. Вирусты емдеу хаттамасына қандай өзгеріс енгізілгенін және әлемде жаңадан шығып жатқан емдеу тәсілдерін қадағалап отырдық. Сондықтан дәрігерлер алғашқы кезеңдермен салыстырғанда коронавирусты емдеу жолдарын жақсы меңгерді», – деді ол.

Дәрігердің айтуынша, коронавирустың үшінші толқыны кезінде вакцина алған науқастарда сырқат жеңіл өткен. «Қант диабеті, созылмалы ауруы барлар, тыныс жүйесі ауыратын адамдар коронавирусты ауыр өткереді. Сондықтан ондай сырқаты бар адамдар сақтанғаны дұрыс», – деді Анарбек Моңғол.



«QazVac» халал

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы – Бас муфтидің орынбасары, наиб муфти, PhD, теолог Ершат Онғаров коронавирускқа қарсы қазақстандық «QazVac» вакцинасына «Халал Даму» ЖШС сертификатын табыстады.



Тіркеу нөмірі 000669, кәсіпорын өнімі – СТ 96090-5-2021 ЖШС Халал дәрілік заттар мен биологиялық белсенді қоспаларды өндіруге, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге қойылатын жалпы талаптар бойынша сертификатталды. Сертификатқа «Халал Даму» ЖШС директоры А.Аташев қол қойған.

Карантиндік шектеулер

Үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың баяндамасынан кейін халық арасында карантиндік шектеулерге қатысты сұрақ туындады. Бұл сұраққа Қазақстанның бас санитар-дәрігері Ерлан Қиясов жауап берген болатын.

«Кем дегенде, ауру статистикасы айтарлықтай төмендеуі керек. Мүмкіндігінше, халықтың 60%-ы вакцина алуы қамтамасыз етілуге тиіс. Жоспар бойынша 11 миллионнан астам адам екпе салдырғанда карантиндік шаралар жайлап жеңілдей түседі», – дейді Е.Қиясов.


Әзірлеген Айнұр НҮРСАБЕТ.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

Бүгінде адамдар арасында көздің жасаурауы жиі кездеседі. Ол көбіне қабыну, шаршау, аллергия, атония (бұлшық етінің әлсіреуі) және тағы басқа себептер әсерінен болады.

Мамандардың тұжырымынша, көз жасаурауы ағзада кейбір витаминдердің және микроэлементтердің жетіспеуінен туындайды. Мысалы, B2 витамині мен калий кемісе, осындай болады. Адам жарыққа қарай алмайды, ауыз ұштарында әжім көбейеді дейді. Ал кофе, ащы шай, тұзды, ұйқы дәрісін, зәр қуатын дәрілерді көп пайдаланған адамда калий жетіспеушілігі туындайды. Калийді ағзадан, сондай-ақ физикалық және рухани ауыр салмақ азайтады. Мұндайда аяқ тоңғыш болады, сіңір тартылуы жиілеуі мүмкін. Науқас тез шаршайды, ұйқышыл болады. Қысқасы, көзден көп жас ағуын тоқтату үшін құрамында калийі мол азықтарды (фасоль, банан, кияр, т.б.) жеп тұру керек.

Көз жасаурауы дұрыс таңдалмаған линза тағатын адамдарда да жиі кездеседі. Себеп – көз бұлшық еттерінің шаршауы, мүйізгек қабағының сезімталдығы немесе онда линзаға аллергия болуы мүмкін. Мұндайда дәрігерге көріну керек. Косметика да көз жасаурауына себеп болуы мүмкін. Оны анықтау үшін біраз уақыт косметика қолданбаса жетіп жатыр. Яғни көз жасаурауы тыйылса, онда ол косметика әсерінен болғаны. Мұндайда көзге



шай немесе басқа тұнба басып, оған басқа косметика іздеу керек, олардың құрамында көз жасаурататын консерванттар болмауға тиіс. Бүгінде компьютермен жұмыс істейтіндер көп, көз жасаурауы осындай адамдарда да жиі кездеседі. Бұған кеңсе ауасының ластығы, тым құрғақтығы, ылғал аздығы, мони-



тордың дұрыс қойылмауы себеп болады. Егер осыған қоса адам шаршап, басы ауыра берсе, онда кеңседе (бөлмеде) өзгеріс жасау, ауаны тазарту керек.

Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Көз неге жасаурайды?

● Қызылша көз жанарын жасартып, ағзадағы қанды тазалайды. 2 ас қасық қызылша шырынын сәбіз бен ақжелкен шырынына араластырып ішсеңіз, көздің көруін ғана жақсартып қоймайды, сонымен бірге, ағзаны қуаттандырады.

● Одан бөлек, өрік те көзге өте пайдалы жемістердің қатарына жатады. Кептірілген жемістен жасалған шырынның да жанарыңызды жақсартатын қасиеті бар.

● С дәруменіне бай итмұрынның да көз жанарына тигізер көмегі орасан. Егер итмұрынды күнде тұрақты түрде жеп отырсаңыз, көздің қан тамырлары жасарады.

● Асқабақ пен балықтың майы да көп көмектеседі. Өйткені, олардың құрамындағы лютеин мен зеаксатин көз ауруларының алдын алады.



БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ – 80

Аты аңызға айналған батырдың ұрпағы, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы Бақытжан Момышұлы көзі тірі болса, биыл 80 жасқа толар еді. Намыс пен жігердің, ақыл мен парасаттың символына айналған батырдың ұлы өмірін шығармашылыққа арнап, әдебиеттің алтын қорына зор үлес қосты.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Бақытжан Момышұлын жақсы танытын, етене араласқан жолдастары ол кісінің қарапайымдылығын, сабырлы қалпы мен сырбаз мінезін жиі еске алады. Елдің ыстық ықыласы мен махаббатына бөленген даңқты батырдың баласы бола тұра, Бақытжан Момышұлы әрдайым ізеттілігінен айнымаған қалпында ел есінде қалды.

Отанын қалтқысыз сүйген майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлы туралы жазбаған жазушы кемде-кем. Тіпті, батырды бір-ақ рет көрген адамдардың өзі ол кісінің өмірін толық білетін адамдай естелік айтып жатады. Ал Бақытжан Момышұлы әкесі жайлы байыппен ғана сөз қозғап, ерекше толғаныспен еске алатын.

«Жас кезімде әкеме ренжітім едім. Өйткені, ол бала кезімде жанымда көп болмады. Әскерде жүрді, көп уақытын қызметте өткізді. Үйге анда-санда бір келетін. Өзімді әкем тастап кеткендей сезінетін кездерім көп болды. Бірақ кейін мұным қате екенін түсіндім. Әкем сан қырлы адам болды ғой. Ол кісіні түсіну мүмкін емес. Мүмкін әкем де маған ренжіген шығар. Жалпы, әкелердің көбі баласына риза бола бермейді ғой. Әкемнің достары оның үйін аңсайтынын, бізді сағынатынын айтады. Әкенің орны бала үшін бөлек қой. Әкемнің өмірін талқылау менің өңімдегі нәрсе емес», – деген болатын бір сұхбатында.



«УЫЗЫНА ЖАРЫҒАН ҚАЗАҚ»

Бақытжан Момышұлы әке туралы жас ұрпаққа үлгі боларлық 3 кітап жазды. «Маған халық батырының баласы болудан артық ештеңе керек емес» деп өзінің әкесін асқар таудай құрметтеген қаламгер өзінің перзенттік парызын адал орындады.

Көрнекті жазушы, шебер аудармашы Бақытжан Момышұлы әкесінің атына кір келтірмей, қара шаңырағының несі бола білді. Профессор Мекемтас Мырзахметұлы: «Бәукең баласын қазақша оқытып, ұлттық рух негізінде қалыптасуын армандады. Бақытжан әкесінің арманын жүзеге асырып, «қазаққа қара сөзге дес бермеген» шешен сөйлейтін, ойын образбен жеткізе алатын, уызына жарыған қазақтың өзі болып шықты», – деп жазды.

Бақытжан Момышұлы шығармашылық жолын аудармашылықтан бастаған. Ол Ш.Мұртазаның «Табылған теңіз», «Бұлтсыз

күнгі найзағай» повестерін, Ж.Молдағалиевтің, Д.Досжановтың, О.Бөкеевтің, Қ.Найманбаевтың, Б.Бодабаевтың, Б.Тоғысбаевтың, Ш.Шаваевтың, М.Айымбетовтың, К.Тоқасевтың, т.б. жазушылардың шығармаларын аса шеберлікпен, сәтті аударған.

Қаламгердің бірнеше әңгіме, повесть, романдар жинағы жарық көрген. Оның «Добрые мосты», «Раскаленные камни», «Прозрачные льдины», «Тихие голоса», «Я еще ребенок», «Когда ты рядом», «Мен эли с-бимин», «Восхождение к отцу», «Дети-Великаны», «Жанымның жарық жұлдызы», «Во имя отца», «Звезда брата», «Турксиб – земля полководца», «Сыновья Великого Волка», «В поиске света», «Путь Огненного Орла», «Сердце Волка», «Орда алая и Мечеть беляя», «Преломление Света» кітаптары қалың оқырманның сүйіспеншілігіне бөленіп, сыншылардың жоғары бағасын алды.

Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

Бақытжан – талантты суреткер, сұңғыла ойшыл, жан-дүниесі рухани бай жазушы еді. Екеуіміз ұзақ жыл сыйласып, сырлас дос болдық. Ол әлем әдебиетінің озық туындыларын көп оқитын. Сол оқығандарын көңіліне ұмытылмастай етіп тоқыған, ізденіш, жаңалыққа жаны құмар адам еді. Табиғатты сүйетін, ол үшін адамдардың бәрі жақсы болып көрінетін. Оның өмірге деген құштарлығы, телегей-теңіз білімі, ойшылдығы жазушылар арасындағы өзара пікірталаста айқын көрінетін. Мен оны өз көзқарасынан, өз ұстанған ұстанымынан айнымайтындығы үшін құрметтейтінмін. Бұл – жаны, ары таза азаматқа ғана тән қасиет. Тұлпардың тұяғындай, сұңқардың қияғындай арда азаматтың шығармалары халқымен бірге жасай береді.

ПАЙЫМ

Біз таңғажайып ғасырда ғұмыр кешудеміз. Бәрі тез. Барлығы жылдам. Мобильділікті талап етеді. Адамның түсіне де кірмеген жаңашылдық орын алуда. Шет елдің экшн, шытырман фильмдері шындыққа айналған заман бұл! Ал болашақ ше?..

Осы орайда үш кезең: «кеше», «бүгін», «ертең» атты концепцияны ортаға салуды жөн көрдік.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат! –
депті дана Бұқар жырау бабамыз. Арада қаншама ғасырлар өтсе де – өзекті сөз!

КЕШЕ

Тарихта талай данышпан өтті. Сонау ежелгі Рим империясының жарты әлемге атағы шықса да, оның да дәурені түгесілді. Еуразия континентін түгелдей уысында ұстаған Ғұн, Сақ, берісі Түркі патшалықтары да өз орнын тарих сахнасынан босатты. Шыңғыс хан күллі дүниені дүр сілкіндірді. Өмір-Темір оның ізін жалғады. Әлемдік өркениетте өз қолтаңбасымен Осман империясы билік құрды. Осы аталғандардың бәрі – бір-бір дүлей дауылдай есімдер. Бірегей тұлғалар. Арысын әркім өз қиялының шарықтау шегінше ойлар. Бәлкім, сынар. Мүмкін, мадақтар!

Жер планетасы адамзат пен табиғаттың үйлесімінен тұрады. Мұны сақтау, қастерлеу парыз. Мұнсыз тіршілік жоқ. Табиғат адамға, адам баласы табиғатқа зарар бермегені дұрыс. Бірінші табиғи құбылыс болуы ықтимал. Десе де, шөптің басын жел қимылдатпаса, шөп қозғалып несі бар?!

Осы аталғандар өткен шежіренің бір шеті ғана болып табылады.

«ҚЫЗЫҚҚА ТОЙМАС АДАМЗАТ»



БҮГІН

Бүгінгінің ыркы бөлек. Біздер мүлде басқаша жағдайда ғұмыр кешудеміз. ХХІ ғасырды «арпалыс дәуірі» дер едік. Неге? Себебі, адамзаттың бір уақытта мұншалықты басқа арнаға бұрылуы күтпеген сенсация. Пандемия бізді өзгертті. Басқалай өмір сүру дағдысын көрсетті. Көлік-логистика, сағу, сатып алу, маркетинг, менеджменттің не екенін үйретті. Ең негізгісі, «онлайн» терминіне жан бітірді. Бұрынғыдай жұмысқа жегіліп, таңнан кешке дейін отырудың аса қажет еместігін ұғындырды.

Бір адам бір мезетте өзінің қолындағы смартфон, компьютер арқылы жұмыс атқара алатынын түсінді. Тіпті, үйде отырып, сервистік қызметтердің оңай әрі тез алынатынын білді. Соған бейімделіп қалды. Бұрынғыдай мекеме, кеңсе жағалаудың қажеті шамалы. Бастысы, интернетті тиімді пайдалана алсаңыз болғаны. Аржағында бәрі қолжетімді. Әсіресе, банктегі есепшотты білу үшін банкомат, терминал іздемейсіз. Бәрі «онлайн» байланыспен жүзеге асады. Бір сәтте біршама іспен айналысуға мүмкіншілік туды. Бұл бір басқа әлем, басқа заман!

АҚШ, Еуропа, Жапония, Қытай әлемнің алдына шыққалы қай заман. Десе де, енді дүние-

жүзілік қаржы, бизнес, экономика саласына жаңа атаулар қосылуда. Бүгінде Жерорта теңізі жағалауындағы Араб Әмірліктері, Түркияның қарқыны айрықша. Құтты дамуы даңғыл жолына түскендей әсер қалдырады. Ол – солай да. Біртіндеп посткеңестік елдерге таман қарыштап өркендеудің лебі келіп жатқандай. Яғни біздерге ойысты. Соның ілгерісінде Қазақ елі бар. Күн өткен сайын өркениет көшінің ығын бағып, қаржының қай саладан өндіріліп жатқанын бағамдауда. Және сол бағытта оңтайлы жұмыс атқаруда. Қазақстан – Еуропа мен Азия құрлығын жалғап тұрған алтын көпір. Ең негізгісі, осыны әрмен қарай жалғай беру керек. Еліміз арқылы жүк тасымалы жасалады. Батыс Еуропа – Батыс Қытай автодәлізі өтіп жатыр. Осы мегажобаның едәуір бөлігі біздің тарапқа тиесілі. Сондықтан осының бәрін ұдайы ойластырып, қаржы түсіру жайын пысықтай берген жөн. Солай жасалынып та жатыр. Қарап бағамдар болсаңыз, мұның барлығы елдің әлеуетін көтеретін өте тиімді дүниелер саналады.

Бұл бүгінгінің көрінісі хәм тынысы. Айтылмаған сыр су түбінде. Бірақ келтірілген астарлы ойлардың шекарасы мұнда шексіз дегіміз келеді.

ЕРТЕҢ

Болашақ – басы істегеннің қолында. Сол адам күллі адамзатты басқарады. Билейді. Өмірін жүргізеді. Бұл – шындық! Ауыспалы мағынада ой тербегенде осылай. Нобель сыйлығының лауреаты Митео Каку болашақтағы әлемнің алдында бірқатар өзгеріс болатынын айтуда. Жапон тегінен шыққан футурологтың айтуынша, осы күнгі қолданыста жүрген бірқатар мамандықтар маңыздылығын жоймақ. Мәселен, жақында шетелдік журналдардың бірінен «ковид-кеңесші», «медицина менеджері», «нанотехнолог», т.б. кәсіптердің пайда болатынын көзіміз шалды. Оған хәм жақындап та жатырмыз.

Жоғарыда келтіргеніміздей, келешекте белгілі бір мекемеге барып, онда 8-9 сағат жоғалтудың қажеті болмайды. Компьютермен атқарылатын істердің бәрі қолжетімді әрі онлайн форматта болмақ. Әсіресе, ақша аударым, қызметке тұруда үлкен өзгеріс орын алады. Бухгалтерия, кадр, т.б. құжаттармен жұмыс түгелдей компьютерлік жүйеге ауысады. Тиражбен шығатын баспасөз орындарының орнын электронды медиа басады. Мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде алынады. Қажетті құжатты үйде отырып ала беретін жағдайға жетіп қалдық.

Осының екінші жағы бар. Енді қозғалыс азаймақ. Физикалық іс-әрекеттерді адамдар тек фитнес-жаттығу, т.с.с. залдарда жасауы бек мүмкін. Есесіне, уақыт молырақ болады. Дегенмен, смарт құрылғыға байланған уақыттың кезегі келмек. Мұны нағыз жаһандану кезеңі дейміз.

Болашақтың болжамын айтқанда, қайтіп, қалай, нендей жағдайда өмір сүру әркімнің жеке өзіне тиесілі болмақ. Өз еркі білмек. Оны қоғам, орта шешпесі анық.

Түйін: Бұл ғасыр әлемді өзгерткен ғасыр ретінде тарихта қатталыды. Бүгін дейінгі дәстүрлі өмір сүрудің кезеңі аяқталып, жаңа заманға қадам басқан уақыт болып адамзат есінде мәңгі қалады.

Олжас ЖОЛДЫБАЕВ.



«Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 272 бұйрығымен «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ, коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«Іаз және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қартадағы №532-IV Заңының 17-бабының 6-тармағына, сондай-ақ, «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығына сәйкес, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан Алматы өндірістік филиал тауарлық газды тұрмыстық тұтынушымен бөлшек саудада өткізу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуды және газеттің осы нөмірінде орналасқан Шарт негізінде жеке тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

Осы Шарт тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың негізінде жеткізуді берген газ үшін шотты бірінші рет төлеген сәттен бастап, ал жаңадан қосылған тұрмыстық тұтынушылар үшін – тұрмыстық тұтынушы қосылған желіге бірінші рет іс жүзінде қосылған кезден бастап күшіне енеді.

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шарты

Алматы қ.	2021 ж. «__» _____
-----------	--------------------

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, бұдан әрі «**Жеткізүші**» деп аталады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет етеді (БИН 020440001144) оның атынан 2020 жылғы «11» қараша №128 сенімдік негізінде әрекет ететін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының директоры Н.Б.Тюмебаев бар тараптан және **Тұрғын үй-жайдың** (жеке үй) иесі _____, орналасқан мекенжайы _____, бұдан әрі «**Тұрмыстық тұтынушы**» деп аталады, келесі тараптан, бұдан әрі тараптар деп аталып, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Терминдер мен анықтамалар

- Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - газ – тауарлық газ;
 - газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ, оларды отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;
 - есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін жеткізуді мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;
 - есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;
 - жеткізү – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;
 - жеткізуді – «Іаз және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Газбен жабдықтау туралы заң) белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;
 - смарт-картасы бар есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған жағдайда газ беруді жабатын салынған бекітіпе клапанмен жаракаталған смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесі бар газды есепке алу аспаптары;
 - тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға;
 - тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтыңған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама;
 - жеткізудің өкілі – жеткізудің және (немесе) биллент компаниясының қызметкері;
 - биллент компаниясы – «Алматыгаз» Абоненттік есептеу орталығы» ЖШС жеткізудің газ тұтыну-ды есепке алу, төлемдерді жинау және тұрмыстық тұтынушылармен абоненттік жұмыс жүргізу бойынша қызметтерді көрсетуші.
- Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Газбен жабдықтау туралы заңға сәйкес қолданылады.

2. Шарттың нысаны

- Жеткізуді тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы өзінің тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың жағдайларына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.
- Газ беруге арналған шартты жасасу жағдайлары газды дұрыс жеткізу үшін құқықтық және техникалық (технологиялық) жағдайларының болуы, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан - газ тұтыну жүйелерін пайдалану жөніндегі рұқсат ету құжаттарының (техникалық шарт, газбен жабдықтау жобасы, газ тұтыну жабдығының паспортты), газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналғы жасалған шарттың болуы тиіс.
- Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі.
- Газды қабылдау-тапсыру пункті есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған жағдайда бекітіпе қондырғы (іске қосу қраны) болып табылады.
- Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс.
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) 38-тармағына сәйкес, сондай-ақ, 39-тармағында көзделген жағдайда ескере отырып, тауарлық газдың көлемін өлшеу бірлігі ретінде Цельсий бойынша 20 градус температура және сынап бағанының 760 миллиметр қысымы кезінде газдың бір текіше метрі қабылданады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- Жеткізуді:
 - алынған газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;
 - газ тұтынуға және газ үшін тұрмыстық тұтынушының ақы төлегеніне бақылау жасауға, есепке алуға;
 - қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімдерде газ тұтыну схемасын өзгерту, жаңа және қосым-ша газ жабдығын орнату бойынша рұқсат алуға тұрмыстық тұтынушының жазбаша өтінімін нақты қарауға;
 - кәуіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тап-сыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;
 - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұты-нушының назарына жеткізуге;
 - өз қызметкерлерін тұтынушыға бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде көрсетілетін қызметтік куәліктермен қамтамасыз етуге;
 - тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге міндетті.
- Тұрмыстық тұтынушы:
 - осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге;
 - газ тұтыну жүйелерін, түпіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің учаскелерін кәуіпсіз пайдалануды, түпіндік және желдеткіш каналдарын уақытылы тексеру және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;
 - жеткізудің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрғын жатқандарын саны жөніндегі деректердің дұрыстығы мен мемлекеттік салыстырып тексеру туралы қолданыстағы куәліктің бар екенін тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына келергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;
 - өзіне тиесілі газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және салыстырып тексерілуіне, сондай-ақ, жеткізуді жүзеге асырған оның пломбалауының бүтіндігіне жауапты болуға;
 - жеткізудің жазбаша рұқсатын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, жаңа және қосымша газ жабдығын орнатуды және іске қосуды жүргізуге;
 - газ тұтыну көлемінде және оған ақы төлеуде (тұрғып жатқандар санының өзгеруі, жылытылатын ауданның мөлшері, газ жабдығының қуаты) көрінетін деректердің жай-күйі және өзгергендігі туралы жеткі-зудің жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның жарамсыз екені не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі жеткізудіше бар деректер бойынша есептеледі.

Бұл ретте газ үшін қайта есептеулер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады;
7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;
8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен жағдайда, газ жабдығын ауысты-ру бойынша шаралар қабылдауға;
9) есепке алу аспабы жарамсыз болған және тоқтаған жағдайда жеткізудіңге жедел түрде хабардар етуге міндетті.

- Жеткізуді:
 - уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;
 - газды тұтынуға және оған уақытылы ақы төлеуге бақылауды жүзеге асыруға;
 - газ беруді тоқтатуға негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді қранды қосатын жерден жауап, одан әрі пломба салып немесе дәнекерлеуге қатжасты ажыратып барып тоқ-татуға тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабарламай-ақ мынадай жағдайларда:
 - газ жабдығын кәуіпсіз пайдалану және азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға кәуіп тудыратын есепке алу аспаптарын пайдалану жөніндегі талаптар бузылғанда;
 - газды заңсыз пайдалануға әкеп соқтыратын газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылғанда;
 - тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып, мынадай жағдайларда:
 - тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзғанда;
 - жеткізудішмен келісімсіз газ желілерін қайта жабдықтауға;
 - жеткізудің өкілдерін екі есеп айырысу кезеңі бойы қатарынан газ жабдықтарын, газ құбырлары мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеуге құқылы.
 - Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық төлемін және газбен жабдықтаудан айыру және қосу жөніндегі қызметтер толық төлегеннен кейін жүргізіледі;
 - газ құбырларындағы жөндеу – алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ, азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға кәуіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;
 - газ жабдығы, есепке алу аспабы, төленетін алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы деректер, сондай-ақ, есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін өзге де деректер алуға құқылы.
- Тұрмыстық тұтынушы:
 - осы Шартта ескерілген сапалы газ алуға және пайдалануға;
 - заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақ-парат алуға;
 - есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;
 - қолқабақты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен жеткізуді арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға құқылы.

4. Ақы төлеу тәртібі

- Тұрмыстық тұтынушы газды есепке алу аспабы болмаған кезде – ай сайын тұтыну нормалары бой-ынша, есепке алу аспаптары болған кезде – ай сайын есепке алу көрсеткіштері бойынша есеп айырысатын айдан кейінгі айдың 25-іне дейінгі мерзімде ақы төлеуді жүргізеді.
- Смарт-картамен газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу жеткізудің өсебіне қажетті газ көлемінің қуаны аудару жолымен жүргізіледі.
- Есепке алу аспабының көрсеткіштері жеткізудің өкілдерімен Тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп ағымдағы айдың жиырмасынан кейінгі мерзімде алынады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кіносінен екі есеп айырысу кезеңінде есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, жеткізуді тұтыну нормасы бойынша көрсетілген кезеңге газ тұтыну есебін жүргізуге құқы-лы.
- Есепке алу аспабының жарамсыз екені анықталған кезде тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру жүргізілген күнінен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ тұрмыстық тұтынушы жүргізген төлемді ескере отырып, екі айдан аспайтын кезең үшін қолданыстағы газ тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.
- Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда, тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күнінен бастап тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есеп айырысу тексерудің оң нәтижелері болған жағдай-да, бірақ бір ай мерзімінен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған Тұрма-стық тұтынушы қарайды төлеу өткен сәтке дейін әрбір мерзім өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық төлемін тө-лейді.

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағи-далар) 36-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бұзушылық кезінде жеткізуді Қағидалардың 47-тар-мағының 1) тармақшасына сәйкес газдың шығысын қайта есептеуді жүргізеді.

19. Осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар жеткізуді мен тұрмыстық тұ-тынушы өкілдерінің бұзу туралы актісімен екі дапада ресімделей, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Акті тұрмыстық тұтынушы қол қоюдан бастап тұрмыстық мерзімі өткен жағдайда, тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күнінен бастап тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі.

Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есеп айырысу тексерудің оң нәтижелері болған жағдай-да, бірақ бір ай мерзімінен кешіктірілмей жүргізіледі.

6. Қорытынды ережелер

- Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұты-ну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.
- Тұрмыстық тұтынушы біржақты тәртіппен жеткізудің кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын жазба-ша хабардар еткен және олар төлем құжаттарында көрсетілген жағдайда пайдаланылған газға ақы, өсімақы, араласқаны, өз бетімен қосқаны үшін есептеулер және т.б. толық төленген жағдайда, осы Шартты бұзуға құқылы.
- Осы шарттың даулы мәселелері бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, даулар мен келіс-пеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7. Тараптардың заңды мекенжайы:

Жеткізуді: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Өлханхан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат БСН 020440001144 ЖУК ЖӨНЕЛТУШІ Алматы өндірістік филиалы	Тұрмыстық тұтынушы: Т.А.Ә. _____ Мекенжайы: _____ ЖСН _____ Телефон _____ e-mail _____ жеке куәліктің № _____ берілген
Мекенжайы: 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280 үй, «Almaty Towers» TO, онғүстік мұнара, 17-ші қабат. Телефон/факс 8 (727) 331-70-03 e-mail: almaty@ktga.kz Филиалдың БСН 141241004421 Банктік деректемелер: KZ226010131000264942 Банктің атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК HSBKZKZX	
Алматы ӨФ Директоры Т.А.Ә. Н.Б.Тюмебаев МО	Тұрмыстық тұтынушы Т.А.Ә. _____

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақ-стан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтат-қаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы-ның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табак.



ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?



АЛҒАШҚЫ ИММУНДЫҚ ЖАУАП
БІРІНШІ ДОЗА ЕТІЛГЕННЕН КЕЙІН
12-14 КҮННЕН СОҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАЙДЫ

ТҰРАҚТЫ ИММУНИТЕТ
ЕКІ ДОЗАМЕН ДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН
ЖАҒДАЙДА 1-1,5 АЙДАН
КЕЙІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛЕТІН БҮКІЛ
КЕЗЕҢ ІШІНДЕ БАРЛЫҚ САҚТЫҚ
ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ
– БЕТПЕР ДЕ ТАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАҢЫЗ

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ



Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін
еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек
тұрғындар кемінде 60 пайызды құрауы тиіс

Вакцинациядан кейін
қалыптасқан иммунитет кемінде
1 жыл сақталады, ал коронавирустан
жазылып шыққаннан кейін антиденелер
орташа есеппен 6 ай сақталады



ТЕАТР



Фестивальге жол тартпақ



Айым
НҮРМАН

Мемлекеттік қуыршақ театры ересектерге арналған спектакльдер сахналаудағы тәжірибе жағынан кәсіби мамандар тарапынан жоғары бағаланып келе жатыр. Театр ұжымы биылғы жылдың II жартысында қатарынан үш театр фестивалінде бақ сынамақшы.

Өнер ордасының басты мақсаты – балаларды ғана емес, ересектерді де қуыршақ өнеріне қызықтыру. Театр ұжымы сол миссиясын тек елімізде ғана емес, шет елде де дәріптеуді жолға қойып отыр. Қазақ қуыршақ өнерінің мүмкіндігін танытатын алғашқы өнер додасы Халықаралық сарапшылар мен театр сыншыларының басын қосатын «TeArt – көкше» театр фестивалі болса, одан кейін Қарағанды қаласында алғаш рет өткізілгелі отырған «Сын – шын болсын» республикалық театрлар фестивалінде де бақ сынамақ. Бұл додаға еліміздің бірнеше облыстарынан сарапталып алынған үздік қойы-

лымдар қатысады. Онда театр әртістері «Мен бір жұмбақ адаммын...» (Абай) (режиссері А.Зайцев) және әлемдік классика «Ромео мен Джульетта» (режиссері Д.Жұмабаева) қойылымдарын сахналайды.

Оңтүстік астананың мәдени деңгейін одан әрі арттыру, қазақ өнерінің әлем кеңістігінде танылуына ықпал ету мақсатында театр ұжымы аттанатын Халықаралық «Анкара» қуыршақ театрлары фестивалінің де маңызы зор. Ағымдағы жылдың қазан айында салтанат құратын өнер бәйгесі Түркия мемлекеті, Анкара қаласында өтпек. Театр репертуарына биыл жыл қосылған ересектерге арналған «Макбет. Иллюзия» (режиссері Д.Жұмабаева) және балаларға арналған «Үйшік» (режиссері А.Зайцев) қойылымдары ұсынылады.

Өнер додаларында бақ сынайтын ересектерге арналған спектакльдер – әр жылы отандық және шетелдік театр фестивалдерінде кәсіби театр сыншылары тарапынан жоғары бағаға ие болып, қуыршақ театрының мүмкіндігін танытып жүрген көркем туындылар қатарында.

Театрда – тұсаукесер



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Саф алтындай таза өнер ұжымы өз көрермендерін асыға күтеді. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры Фархад Молдағалидың режиссерлігімен «Қарагөз» қойылымын бүгін кешкі 18.30-да көрермен назарына ұсынбақ. Қойылым заңғар жазушы М.Әуезовтің «Қарагөз» драмасы желісінде сахналанбақ.

Билеттерді театр кассасынан немесе сайттан ала аласыздар. Театрда жүздескенше!



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Балалар да табыс табады

Алматының «Бақытты отбасы» орталығы үлкендермен қатар, балаларға да өз арманын жүзеге асыруға көмектесуде.

Мәселен, алматылық 13 жасар Толғанай осы жазда «Шебер ана» курсына анасымен бірге оқыды және жүзбелі білезіктер жасауды үйренді. Сөйтіп, өз еңбегімен алғашқы табысын табуда. Ал 18 жастағы Ислам телефон жөндеу курсының ең жақсы қатысушыларының бірі атанды. Ол оқу кезінде алған барлық білімін іс жүзінде қолдана біледі. Бүгінде ол оқытушысы Рамазан Дулатовтың басшылығымен жұмыс істейді. Ислам күніне алты телефон жөндейді, ал орташа жалақы 5000 теңгеден асады.



Қожанасыр хикаясы жалғасады



Жуырда Ташкент қаласында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ мен «Базелевс» ЖШС және Өзбекстан ұлттық кинематография агенттігі арасында келісімшарт жасалды.

Шартқа сәйкес, шығыстың аты аңызға

айналған кейіпкері Қожа Насреддиннің оқиғалары туралы Тимур Бекмамбетовтың жаңа анимациялық жобасының өндірісі ішінара Қазақстан мен Өзбекстанда жалғасатын болды. Сондай-ақ, Т.Бекмамбетовтың «Базелевс» кинокомпаниясы «Қазақфильм» киностудиясымен және Өзбекстанның Ұлттық кинематография агенттігімен бірге республикаларда анимациялық мектептер ашатын болды.

– Орта Азия елдерінде Қожа Насреддинді құрметтейді, жақсы көреді және оның Отаны осында деп санайды. Біз KION-мен бірге сүйікті ертегілер кейіпкері мен оның астарлы әңгімесінің оқиғалары туралы анимациялық фильммен оның отаны шығыста, Орта Азияда жұмыс істейтінімізге қуаныштымыз. Ал анимацияны жасауға жергілікті суретшілер де үлес қосады, – деді Т.Бекмамбетов.

Жол картасы әзірленеді

Елімізде қарттар үйінің қызметін жетілдіру бойынша жол картасы әзірленеді. Бұл туралы «Махаббат» мүгедектер қоғамының төрағасы Дарын Сағдолдин мәлімдеді.

«Азаматтық бастамаларды қолдау» орталығының көмегімен қолға алынған жоба аясында өзге де іс-шаралар жоспарланған. Мәселен, Қазақстандағы 34 орталықта «Қарттарға қуаныш сыйла» атты акция аясында түрлі мәдени іс-шара ұйымдастыру көзделген. Сонымен бірге, қариялардың тұрағына айналған мекемелердің жұмысына қатысты ауқымды әлеуметтік зерттеу жүргізілген. Осылайша дәрі-



дәрмекпен қамту, тамақтандыру және өзге де қызмет түріне талдау жасалды.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.